

Маңызды!!! Әр жылы онлайн-құжат қабылдау 15 қазаннан бастап ашық болады.

Егер сіз қазір мектептің соңғы сыныбында оқып жатсаңыз және КИМЭП Университетін жоғары білім алудың ықтимал нұсқасы ретінде қарастырып жүрсеңіз - дәл қазір онлайн өтініш беру уақыты келді!

Бұл сізге студенттік нөмірді алдын ала алуға мүмкіндік береді, ал біз сізге маңызды жаңалықтар туралы жедел түрде хабарлап отырамыз.

КИМЭП ұсынатын мүмкіндіктерден дер кезінде хабардар болуға және ештеңені өткізіп алмауға тырысыңыз!

КИМЭП Университеті құжаттарды қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде, не болмаса осы тілдерге нотариалды куәландырылған аудармасымен қабылдайды.

1-ҚАДАМ. ОНЛАЙН ӨТІНІШ ТАПСЫРУ

Абитуриенттер порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қолжетімді

1. Абитуриенттер порталында онлайн анкетаны толтырыңыз
2. Паспорттың сканерленген көшірмесін порталға жүктеңіз
3. Егер бар болса, жарамдылық мерзімі бар IELTS/TOEFL/Duolingo сертификаттарының көшірмелерін жүктеңіз
4. Цифровое фото
Цифрлық фотосуретті дәл «Фото» бөліміне жүктеу өте маңызды, себебі КИМЭП-тің барлық департаменттері сіздің жеке басыңызды осы фотосурет арқылы анықтайды.
Фотосурет JPEG форматында, 300 ppi (дюймге пиксель) рұқсатымен, кемінде 8 МП (мегапиксель) көлемінде және төмен қысылған (жоғары сапалы) болуы тиіс.

онлайн анкета



Егер сіз КИМЭП университетінің гранттарына немесе басқа да қаржылық қолдау түрлеріне құжат тапсыруды жоспарлап отырсаңыз, **Қаржылық қолдау бөліміне** тікелей хабарласып, кеңес алыңыз. Бұл бөлім сізге келесі мәселелер бойынша толық ақпарат береді:

- Құжаттарды қабылдау тәртібі (арнайы тіркеу формасын белгіленген мерзімде толтыруды қоса алғанда)
- Таңдау критерийлері
- Гранттарды бөлу процесі
- Құжат тапсыру мерзімдері

Гранттар мен қаржылық қолдауға қатысты сұрақтар бойынша келесі байланыс арналарына жүгініңіз: +7 727 2704316, моб/WhatsApp: +7 707 970 4316, Email: finaid@kimep.kz

Маңызды: Қабылдау комиссиясы гранттар мәселелері бойынша кеңес бермейді және оларды бөлумен айналыспайды. Барлық қаржылық қолдауға қатысты сұрақтар тек Қаржылық қолдау бөлімінің құзыретіне жатады.

2-ҚАДАМ. АБИТУРИЕНТТЕР ПОРТАЛЫНДАҒЫ «СҰХБАТ» БӨЛІМІН ТОЛТЫРУ

Сіздің онлайн өтінішіңізді Қабылдау және тіркеу бөлімі тіркегеннен кейін, сізге жеке студенттік нөмір беріледі және толтыруы міндетті «Сұхбат» деп аталатын ақпараттық бөлім ашылады. Бұл бөлімде сізге бірнеше сұрақ ұсынылады, оларға ағылшын тілінде жазбаша түрде жауап беру қажет. Әр жауап 300 сөзден аспауы тиіс.

3-ҚАДАМ. НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН ЖҮКТЕУ

Бұл бөлімдегі құжаттар тиісті түпнұсқалар алынғаннан кейін бірден абитуриенттер порталына жүктеледі:

1. Жалпы орта білім туралы аттестаттың және оған қосымшаның көшірмесі
2. Банктік шоттан үзінді, онда КИМЭП-тегі оқу шығындарын кемінде бір семестрге (кемінде 3 000 АҚШ доллары) жабуға жеткілікті сома көрсетілуі тиіс, немесе оқу грантын тағайындау туралы ресми хат
3. Соттылығының жоқтығы туралы анықтама (ҚР көші-қон заңнамасына сәйкес)

4-ҚАДАМ. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛАРЫН КИМЭП ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНА ТАПСЫРУ

Бұл бөлімдегі құжаттар университетке оқуға келген кезде қабылдау комиссиясына тапсырылады:

1. Жалпы орта білім туралы аттестаттың және оған қосымшаның түпнұсқасы*

* Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармамен болуы тиіс және оқудың бірінші семестрі ішінде нострификациялау/мойындау рәсімінен өтуі қажет.

Медициналық құжаттардың түпнұсқаларын КИМЭП медициналық орталығына тапсыру

Абитуриенттер құжаттарды тапсыру барысында КИМЭП Университетінің Медициналық орталығына толық медициналық құжаттар топтамасын өткізуі тиіс (пәндерге тіркелу кезінде қиындықтар болмас үшін):

Денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (075/у нысаны), оның ішінде мынадай дәрігерлердің тексерулері болуы қажет:

- Терапевт;
- Офтальмолог (көз дәрігері);
- Отоларинголог (ЛОР);
- Хирург;
- Невролог;

Аспаптық және зертханалық тексерулер: флюорография, микрореакция (қан анализі), нәжіс анализі (гельминт жұмыртқаларына)

075/у нысанындағы анықтаманы алу үшін өзіңізбен бірге келесі дайын анықтамалар болуы қажет:

- Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- Психоневрологиялық ұйымнан анықтама

Бұл анықтамаларды eGov.kz порталы немесе eGov Mobile қосымшасы арқылы алуға болады.

№ 065/у нысанының көшірмесі (вакцинация картасынан немесе амбулаторлық картасынан алынған екпелер туралы жазбалардың көшірмесі)

Кеуде қуысының рентгені (флюорография) және оның қорытындысы: қорытындыда рентгенологтың екі мөрі болуы міндетті; флюорография 075/у нысанымен бірге тапсырылады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде жасалған рентген-флюорография Алматыда рентгенологпен куәландырылуы тиіс.

Барлық сұрақтар бойынша КИМЭП медициналық орталығына хабарласыңыз: Дәрігер Наталья Яса, ұялы: +7 747 830 3246

Қала телефоны: +7 727 237 48 05 (ішкі: 1324 / 1325), Email: med.center@kimep.kz

5-ҚАДАМ. АҒЫЛШЫН ТІЛІ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

KEPT тестіне қатысу үшін сізге студенттік нөмір қажет. Оны алу өте оңай:

- Абитуриенттер порталында онлайн өтінішті толтырыңыз
- Жеке куәлігіңіздің көшірмесін (екі жағы) жүктеңіз
- Барлық құжаттар жүктелмесе де, SUBMIT APPLICATION батырмасын басу арқылы өтінішті растаңыз — қалған құжаттарды кейін де жүктей аласыз

Осы үш қадамды орындағаннан кейін сізге студенттік нөмір беріледі.

KEPT тестілеу кестесімен КИМЭП сайтындағы келесі сілтеме арқылы таныса аласыз: <https://kimep.kz/prospective-students/ru/admission/kimep-university-tests-schedule/>

Тест нәтижелері мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://kimep.kz/prospective-students/ru/admission/>

Егер талапкердің жарамды халықаралық сертификаттары (мысалы, IELTS, TOEFL, Duolingo) болса, ол KEPT тестінен босатылады.

Level of English Foundation Course	KEPT	CEFR+	Academic IELTS	TOEFL IBT	TOEFL (computer)	Duolingo
Academic English	80-100%	B2 mid	5.5 (not less than 5.0 in each section)	70	193 (with no sub score below 25)	105 & above (not less than 100 in each section)
UF A	51-79%	B1 mid	4.5 (not less than 4.0 in each section)	57-69	163-192 (with no sub score below 17)	95-104 (not less than 90 in each section)
UF B	30-50%	A1+	3.5 (not less than 3.0 in each section)	27-56	83-162 (with no sub score below 10)	80-94 (not less than 75 in each section)
UF C	< 30 %	Beginner or False Beginner	<3.0	<26	<82	79 & below

6-ҚАДАМ. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ШЕШІМІН БІЛІП, БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ

1. Электрондық пошта КИМЭП Университетінің талапкерлермен ресми байланыс арнасы болып табылады. Сондықтан онлайн өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайы оқуға қабылдау сәтінде жарамды болуы тиіс.
2. КИМЭП Университетіне қабылдау туралы хабарлама сіздің электрондық поштаңызға жіберіледі және абитуриенттер порталындағы «Assurance Package» бөлімінде орналастырылады.
3. Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт та осы бөлімде қолжетімді болады.
 - **Шартты басып шығарыңыз:** Оны порталда тауып, баспаға шығарыңыз
 - **Мұқият оқып шығыңыз:** Барлық шарттармен толық танысып, түсінгеніңізге көз жеткізіңіз
 - **Әр бетіне қол қойыңыз:** Шарттың әр бетінде арнайы белгіленген жерге қол қойыңыз
 - **Қол қойылған шартты сканерлеңіз:** Сканер немесе телефондағы арнайы қосымша арқылы барлық беттерді анық көрінетіндей етіп сканерлеңіз
 - **Сканерленген нұсқаны жүктеңіз:** Порталдағы «Documents for upload» бөліміне өтіп, «SIGNED CONTRACT» ұяшығына сканерленген шартты жүктеңіз

МАҢЫЗДЫ! Егер сіз шартқа қол қойып жатқан кезде 18 жасқа толмаған болсаңыз, оның заңды күшіне енуі үшін ата-анаңыздың немесе заңды қамқоршыңыздың қолы қажет. Себебі кәмелетке толмаған тұлғалар заңды міндеттеме жүктейтін келісімшарттарға дербес қол қоя алмайды. Ата-ананың қолы - олардың сіздің міндеттемелеріңізден хабардар екенін және оларды орындау жауапкершілігін өз мойнына алатынын білдіреді.

Егер сіз қол қойылған шартты жүктемесеңіз, бұл пәндерге тіркелуге кедергі келтіруі мүмкін. Сол себепті барлық қадамдарды уақытында орындауды ұмытпаңыз.

7-ҚАДАМ. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

Сабақ кестесін жасау, оқу ақысының есептелуі және пәндерге тіркелу мәселелері бойынша Студенттерге академиялық қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз: Телефон: +7 727 270 42 68 (ішкі: 3175 / 3213); +7 727 270 43 10 (ішкі: 3157); Email: advising@kimep.kz

WhatsApp: +7 701 309 16 24; Ұялы/WhatsApp: +7 701 309 17 47